

## **Педагогикалық кеңес № 1**

Откен күні: 28. 08. 2023  
Катысқандар: 15  
Катыспағандар: 4

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы  
Жауапты: менгеруші: Ақылбекова Г
2. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі  
Жауапты: медбике: Алтынбекова М
3. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы  
Жауапты: әдіскер: Алиханова А
4. 2023\_ ж. балабақша түлектерінің мектепке түсу қорытындысы  
Жауапты: тәрбиешілер Оразова Н
5. Бөбекжай-бақшага жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы  
Жауапты: психолог \_Ілесбек С
6. 2022\_ - 2023\_ оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.  
Жауапты: менгеруші Ақылбекова Г
7. Жаңа 2022\_ - 2023\_ оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.  
Жауапты: менгеруші Ақылбекова Г
8. Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.  
Жауапты: менгеруші Ақылбекова Г
9. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.  
Жауапты менгеруші: Ақылбекова Г

## **ТЫНДАЛДЫ.**

Бебекжай-бақша менгерушісі \_\_ Ақылбекова Г сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.

1. 2022 - 2023 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
2. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
3. Әрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
4. 2023 ж. балабақша түлектерінің қала мектептеріне түсken қорытындысымен тәрбиешілер, әдіскерлер таныстырып өтті.
5. Бебекжай-бақшага жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психология таныстырып өтті.

Жаңа 2022 - 2023 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2022 - 2023 оқу жылына бебекжай-бақша міндеттерін менгеруші Ақылбекова Г бекітті.

Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды менгеруші Ақылбекова Г бекітті.

Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп менгеруші :Ақылбекова Г бекітті.

6. Әртүрлі мәселелер талқыланды.

## **ШЕШІМІ:**

Бибіш ана бебекжай-бақша менгерушісі \_\_ Ақылбекова Г

1. жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023 жылғы бебекжай-бақшаның түлектерінің мектепке бару қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Қорытынды педагогикалық кеңесіне бірінші сынып оқушылары балабақша түлектерінің оқу нәтижелерін бақылау және жариялау. Жауапты - тәрбиешілер: Төреканова А, Оразова Н, Турдалиева А
5. Балабақшага жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Психологтың

ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырысын.

6. 2022\_ - 2023\_ оку жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Жаңа оку жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Күн тәртібі, ҰІӘ кестесі бекітілсін.
9. 2022\_ - 2023\_ оку жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: \_Алтынбекова М

Педагогикалық кеңестің хатшысы – Алиханова

енгеруші жаңындағы өндірістік жиналыс хатшысы – Алиханова А

Семинарлар, кеңестер хатшысы – Алиханова А

Ашық есіктер хатшысы – Ақылбекова Г

10. Педагогикалық этика бойынша кеңестен шығып кеткен мүшелері толықтырылсын және бекітілсін.

Психолог – Ілесбек С

11. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

12. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

13. Педагогикалық кеңестің төрайымы: *Мария I Алтынбекова*

Хатшы: *Алиханова А*



## Хаттама №2

17.11.2023 ж.

Катысқандар: 6

### Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс үйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бакылаудың корытындысын талдау.
3. Ашық үйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
4. Баяндама: «Баланың балабакшага бейімделуі»
5. «Гүл композиция жасау» көрмесінің корытындысы.
6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг.

**1. Тындалды:** Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабакша әдіскері Ж.Кульиншакова сез алды.

Күрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен деңсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаудық жүргізіліп, таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапка сай жұмыс жүргізіп келеді.

**2. Тындалды:** Күн тәртібінің дұрыс үйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бакылаудың корытындысын талдау туралы айтылды.

Балабакшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сактау жүйелілігін көру мақсатында 2022 жылдың 21-23 күндері аралығында «Балапан», ортаңғы топ «Көгершін», ерессек топтарында «Күн тәртібінің дұрыс үйымдастырылып жүргізілуін бакылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс күжаттарынан бастапки мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Күжаттар талапка сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпка сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көриңкіліктері, күжаттары және де қосымша материалдары тексерілді. Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамактану, үйіктау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын курайды және олар қайталаудың отырады.

Ортаңғы «Көгершін» тобының тәрбиешілері Турдалиева Айгүл тәрбиеленушілерімен катар бір күндік күн тәртібі тексерілді. Балаларды балабакшага қабылдау, тексеру, ойындар мен ертеңгілік гимнастикага бакылау жасалды. Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата- аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабакшага уақытпен алып келулерін ескеертіп айтуда көрек еді. Сонымен катар ортаңғы топ «Балапан» тобының үйымдастырылған іс әрекеттеріне катыса отырып, тәрбиеші Оразова Нұрсұлу тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп откізді. Иесінде әрекеттегі аяқталысымен балаларды серуенге апаруга дайындалды. Серуен барысында табигаттагы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынга шақырып, қызықты ойындар үйымдастыруды. Сағат 11.30-да балаларды ішкे кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, қолдарын жууды менгеріп қалған. Игерे алмаган балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекіні жуынып болған соң балалар тамактануға отырды. Балалардың отыруына, қалай тамактану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортанғы топ «Көгершін» тобының тәрбиеленушілерінің үйкідан ояни, шынықтыру шаралары қаралды. Ортанғы тобының тәрбиешісі Турдалиева Айгул балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар төсекте жатыш гимнастикалар орындалды. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті – қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шынуга дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс үйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Акку» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды кабылдауынан бастап, таңертенгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай үйымдастыруына бақылау жасалды. Балалар таңертенгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиелен,,ушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін үйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. И әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауга тырысуымыз кажет. Ересек «Акку» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шықкан уақыты, ендек етуі мен кімылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табигатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші А.Төреканова балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырыды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерініше шешініп, жуынуга кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды.

### **3. Тыңдалды.** Ашық үйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабакша менгерушісі Г.Ақылбекова сез алып откізілген ашық үйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып отті.

Ересек «Акку» тобының тәрбиешісі А.Төреканова “Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша “Ертегілер еліне саяхат” тақырыбында ашық үйымдастырылған іс әрекетін етті. ҮІӘ шаттық шенберінен басталды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды, балаларға сұрақтар коя отырып сұхбат жүргізді.. Ортанғы «Балапан» тобының тәрбиешісі Оразова Н «Ойыншыктар» тақырыбында ҮІӘ откізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сойлеу мәнері қолданылған адіс-тәсілдері балалардың сойлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген бага қойылды.

. Ашық ҮІӘ талақа сай етті. ҮІӘ жақсы дайындалған.

### **4. 4.Тыңдалды: 4.Баяндама: «Баланың балабакшага бейімделуі»**

2 -3 жастағы балалар үшін балабакшага бейімделу күрделі күбылтыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан көнесс береміз:

- Үйдегі жағдайды баланың келетін топтың күн режимімен бірдей етіп үйымдастыруға жұмыстыстыңыз.
- Балабакшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабакшада ішетін тамактар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудін алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде касыкты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық қекжиегін» көндейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде конуга калсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаган бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жагымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның езіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімізді көрсетіңіз. Есінде болсын Сіз кебірек осындағы жылылық білдірсөніз Сіздің балаңың балабақшага тез бейімделеді. Балаңыздың козінше балабақша туралы езінізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыныз.
  - Бірінші күні балабақшага серуенте келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуга. Соңдай – ак балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшага беріп жібергеніңіз аздал.
  - Жоеспарланаң, балабақшага бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ак күн үзагына калпырмауды. Балабақшага жаңадан келген баларап алғашкы аптада 3 – 4 сағат, одан ері түске дейін, айдан аяғына таман егер тәрбиеші кенес берсе күні бойына калдырылады.
  - Кейбір баларап үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
  - Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сактау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
  - Бала балабақшага тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сактану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын күйстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.
- Егер Сіздің балаңың көнишіл, өз жақынларыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз күрластарымен мейрімді болса балабақшага келген қүннен бастап – ак үйреніп кететіне сениңіз. Балаңың балабақшага барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

## 5. Тыңдалы: «Гүл композиция жасау» көрмесінің корытындысы туралы балабақша әдіскері А.Алиханова сөз алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиги қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табиғат қамқоршылары катарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

### 6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг

Мақсаты: Ұжымның коніл-күйлерін жақсарту, карым-қатынасты нығайту, өзін еркін сезінуге комектесу, ұжым ауызбіршілігін қалыптастыру.

Тренинг ережесі:

1.Күлімсіреу;

2.Бірінші жұмыс жасау;

3.Оз ойын еркін ашық жеткізу;

4.Белсенді кимыл қозғалыс;

5.Еркін отыру; Сонына келе оте кызыңты етіп аяқталды.

**Шешімі:**

1. Мектепке дейінгі үйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, экспериметтік жұмыстар көп жүргізілсін.                    Жауапты: тәрбиешілер.
2. ҰІӘ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарга алып, кемшіліктегімен жұмыс жүргізілсін.                    Жауапты: тәрбиешілер.

Балабакша менгерушісі:  Г.Акынбекова

Хатыны: 

А.Алиханова



## **«Бибіш ана» ЖШС педагогикалық кеңесі отырысының**

### **№3 хаттамасы**

Қатысқандар:

ЖШС менгерушісі: **Г.Ақылбекова**

Балабақша педагогтері: 7 адам.

Қатыспаған: -

**Тақырыбы: «2023-2024 оку жылының I жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеру қорытындылары».**

**Мақсаты:** 2023-2024 оку жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеру деңгейін талдау. 2023-2024 оку жылының II жартыжылдығына арналған бағдарламалық мазмұнды игеру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

### **Күн тәртібі**

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімін орындау туралы. (жауапты/менгеруші **Г.Ақылбекова**)

**«2023-2024 оку жылының I жартыжылдығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеру қорытындысы»** тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.

2. «№3 педагогикалық кеңеске салыстырмалы бақылау нәтижелері» балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары». (жауапты/әдіскерлер А.Алиханова).

3. «I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы педагогтарын талдамалық есебі» (жауапты/А.Алиханова).

4. «I жартыжылдықта жеке даму балаларға арналған топтарда мектеп жасына дейінгі балаларға жүргізілген түзету әсерінің нәтижелерін сапалы бағалау» тақырыбы бойынша есеп (жауапты/педагогтар).

5. «2023-2024 оку жылының № I жартыжылдығындағы педагогардың есебі.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2023-2024 оку жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау. (жауапты/менгеруші **Г.Ақылбекова**).

7. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен танысу (жауапты/менгеруші **Г.Ақылбекова**).

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру. (жауапты/менгеруші **Г.Ақылбекова**).

### **Тындауды:**

Бірінші мәселе бойынша менгеруші **Г.Ақылбекова** сөз сөйледі.

Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. - «Ойын қызметін үйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелері бойынша:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оларды сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалы картотекаларға сәйкес жаңартылсын және жүйеленсін.

- Тәрбиешілер әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, ойын іс-әрекетінің дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу жұмысын жүргіздін.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Бұдан әрі «2023-2024 оку жылшының I жартышылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша деңгелек үстел өткізілді.

**Екінші мәселе бойынша** әдіскерлер А.Алиханова «Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары» салыстырмалы бақылау нәтижелерін жариялады.  
(анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуі ұсынды:

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

**Қатысуышылар ұсынысты бірауыздан қолдады.**

**Үшінші мәселе бойынша** педагог Турдалиева Айгүл сөз сөйлемді, «Тәрбиешінің I жартышылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы талдамалық есебін» ұсынды.  
(мәтін қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуі ұсынды:

Педагогикалық процестің барлық қатысуышыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты, әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыбын нақтылау.

**Қатысуышылар ұсынысты бірауыздан қолдады.**

### **Төртінші мәселе бойынша**

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуі ұсынды:

Екінші жартышылдықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасының Балалардың біліктегі мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

**Қатысуышылар ұсынысты бірауыздан қолдады.**

### **Бесінші мәселе бойынша**

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуі ұсынды: екінші жарты жылдықта Балалардың біліктегі мен дагдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

**Қатысуышылар ұсынысты бірауыздан қолдады.**

**Алтыншы мәселе бойынша** қатысуышылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттарымен танысып, аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау туралы мәселені талқылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарын жаңартуға байланысты аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау қажеттігін түсіндіріп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын карауга ұсынды. Сайлау үшін келесі кандидатуралар ұсынылады:

**Аттестаттау бойынша комиссия құрамы:**

**Комиссия Төрағасы: Г.Ақылбекова.** менгеруші

**Төрағаның орынбасары: А.Алиханова(педагог)**

**Комиссия мүшелері:**

Оразова Н тәрбиеші

### **Хатшы: А.Алиханова**

Саралтама кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін  
А.Алиханова әдіскер «педагог-педагог» - төраға  
Саралтама кеңесінің мүшелері:

Турдалиева А тәрбиеші, Төреханова А тәрбиеші, кәсіподақ комитетінің мүшесі  
тәрбиеші, Оразова Н

**Катысуышылар комиссия мен кеңестің құрамын бірауыздан макулладады.**

**Жетінші мәселе бойынша** менгеруші **Г.Ақылбекова** қатысуышыларды білім беру  
ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен таныстыруды,  
жұмыс қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

#### **Шешім:**

1. «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелеріне сәйкес \_\_\_\_\_ педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыру:
  - барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қару, оны сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалын картотекаларға сәйкес жаңарту және жүйелеу.
  - Тәрбиешілерге \_\_\_\_\_ әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу.
2. Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

- ( \_\_\_\_\_ дейінгі мерзім, жауапты/балабақша педагогтері)
3. Педагогикалық процестің барлық қатысуышыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыптарын нақтылау.
  4. Балалардың дағдылары мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

5. Аттестаттау бойынша комиссияның құрамы бекітілсін:

**Аттестаттау бойынша комиссия құрамы бекітілсін:**

**Комиссия Төрағасы: Г.Ақылбекова.** менгеруші

**Төрағаның орынбасары: А.Алиханова (педагог)**

**Комиссия мүшелері:**

Төреханова А тәрбиеші

Турдалиева А тәрбиеші

### **Хатшы: А.Алиханова**

Саралтама кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін  
А.Алиханова әдіскер «педагог-педагог» - төраға

Саралтама кеңесінің мүшелері:

А.Алиханова тәрбиеші, кәсіподақ комитетінің мүшесі  
тәрбиеші, Оразова Н

7. Білім беру үйымдарында психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу қагидаларын зерделеу, жұмысты қагидаларға сәйкес жүргізу.

(мерзімі 2022 жылғы 15 наурыз дейін тұрақты түрде, жауапты/ балабақша педагогтері)

Төраға: Г.Ақылбекова

Хатшы: А.Алиханова



## **№4 педагогикалық кеңес хаттамасы**

**Откізілген уақыты: 2024 ж мамыр**

**Қатысқандар саны – 11**

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

**Тақырыбы:** «2023-2024 оку жылшының қорытындылары ».

**Мақсаты:** Балабақшаның оку тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оку жылшының жұмыс бағытын белгілеу

№3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау

2. Оку процесінің жылдық қорытындысы
3. Тәрбиешілер мен педагогтардың мейірбілердің жылдық жоспары

**1.Т ы ң д а л д ы :** балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына қанағаттанарлық. Және де 2023-2024 оку жылшының қорытындылап өткізілген іс шараларға тоқталып өтті. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендегүйде бейшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен катар Наурыз мейрамы қарсаңында өткен ертеңгіліктер да қанағаттанарлықтай өтті. Ертеңгіліктегі қазақтың салт дәстүрлері бойынша ұйымдастырылып, тапсырмалар берілді. Дайындық аз болған. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескерту. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, органды тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көніл күйі көтерінкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі мен «Ұлы женіс» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтЫЛДЫ.

Сөйлемді: Балабақша әдіскеरі А.Алиханова

Жас маман жетекшісі жауапты тәрбиеші ретінде бірігіп жасаған жұмыстарын қорытындылайтын болсақ, тәлімгер оку жылы басынан перспективалық жоспармен, циклограммамен, күнделікті IӘ мен қалай жұмыс жүргізуін үйреткен. Ашық ҰIӘ-не қатысып, өздеріне берілген тапсырмаларды орындаап отырды. 1 желтоқсан-Президент

күнін, тәуелсіздігіміздің қарсанында «Ақку» топпен ұйымдастырылған оқу қызметіне өз үлесін қости. Жаңа жыл мерекесі, 8наурыз –Аналар мерекесі, ертегіліктер күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би, ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті. Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындала отырды.

Сөйлемді : Тәлімгер тарбиеші жалпы Төреканова А туралы айттар болсам өткен жылдан бері айтқанды дұрыс қабылдайды. әдістемелік, шығармашылық шеберлігі арта түскені, үнемі ізденіс үстінде білмегенін сұрап білуге тырысатыны, үлкендерді сыйлауы, ата-аналар, балалармен қарым катынасы өте жақсы деп бағалай аламын.

Оз басын көпшіліктің ортасында дұрыс алып жүру, ұжымда сыйлы, жарқын мінезді, адал, болашағынан көп үміт күтетін үстаз болатынына сенімін зор.

Жалпы қорыта келе айттарым болашакта аға үстаздардың ізің басушы, жаңа заманға сай интернет, компьютер, электрондық ақпараттар арқылы жұмыс жасай алатын, өз білімін жетілдіре білетін, шығармашыл ізденісте қажымайтын, үстаз болуга бейімделіп, жаңа технологиялардың қырсын менгеріп аша алатын, жас маманың бірі болады деп бағалаймын

2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы оқу процесінің қорытындысына келер болатын болсақ Үлгілік бағдарламаға көп ман беріп ар бір топ өз жауапкершілігін нақты жауапкершілікке алса нұр үстіне нұр болар еді деп өз сөзін толық егжей тегжейлі жалпыға міндетті стандарт талаптарына тоқталып кетті.

3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбілердің жылдық жоспары

Тындалды: балабақша мамандарымен медбике жылдық жоспар бойынша есеп беріп отті. 2023-2024 оқу жылындағы барлық ұсыныс сын пікір және қанағаттанарлық деп пікірлерін білдірді. Тәрбиешілер мамандармен бірлесе отырып алдағы уақытта жойатындығы туралы шешімге келді.

**4. Сөйлемді:** балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын коргау нұсқаулығымен таныстырып отті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн отпеу, дұрыс тамақтану және жаракаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарастырылады.

### Шешім

№3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасалынын.

2. Оқу процесінің жылдық қорытындылансын.

3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбілердің жылдық жоспары толығымен есеп берілсін. 4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстырылсын.  
Педагогикалық кеңес тәрайымызың Г.Ақылбекова

Хатшы :

А.Алиханова



**«Бибіш ана» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңесі отырысының  
№5-хаттамасы**

Қатысқандар:12

ЖШС менгерушісі г.Ақылбекова

Балабақшаның педагогтері - 7 адам.

Болмағандар: - 1

**Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру  
жұмыстарын ұйымдастыру»**

**Мақсаты:** оқу жылын қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс  
бағыттарын әзірлеу. Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау.

**Күн тәртібі**

- №4 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы. (жауапты/ Г.Ақылбекова)
- №5 педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылау нәтижелері «Мектепке дейінгі тәрбие  
мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті менгеруі үшін балабақшада  
қолайлы жағдай жасау». (жауапты/ Г.Ақылбекова)
- Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есеп. (жауапты/әдіскер)
- Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. (жауапты/ мейірбике  
М.Алтынбекова)
- 2023-2024 ж. жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-  
әрекетті жазғы кезеңге белу. Жазғы кезеңге жоспарды бекіту, ұйымдастырылған іс-  
әрекетті, күн тәртібін, өтпелі тақырыптарды белу. (жауапты/менгеруші: Г.Ақылбекова).

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

**Тындалды: Г.Ақылбекова**

**Бірінші мәселе бойынша**

№4 педагогикалық кеңес шешімін орындау тұрақты түрде жүргізілуде.

№4 педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын.

Медбике тұмау ЖРВИ балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен мамандарға түзеудамыту топтарын жасақтау бойынша кеңес берсін.  
тәрбиешілер қолда бар ойын материалдарын толықтырысын, ойындарды өз қолымен  
дайындасын.

**Шешім бірауыздан қабылданды.**

**Екінші мәселе бойынша менгеруші «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу  
бағдарламасын балалар сәтті менгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау».**  
(жауапты/ Г.Ақылбекова) тақырыбындағы педагогикалық кеңеске жан-жақты  
бақылаудың нәтижелерін үсынды.

(анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне мыналарды шығаруды ұсынды: жазғы кезеңде барлық  
топ тәрбиешілері мен мамандарына кабинеттердің мазмұнын қайта карау, ойын  
карточкаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын  
толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

**Катысушылар ұсынысты бірауыздан макуллады.**

### **Ушінші мәселе бойынша**

**Менгеруші Г.Ақылбекова** «Балабакша қызметіне қанағаттану» тақырыбы бойынша ата-аналардың сауалнамасына талдау жасады; менгеруші **Г.Ақылбекова** педагогикалық кеңестің шешіміне: өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2022-2023 оку жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2023-2024 оку жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2022-2023 оку жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

(Анықтама, есептер қоса берілген)

### **Қатысуышылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.**

**Төртінші мәселе бойынша** әдіскер А.Алиханова 2022-2023 оку жылында даму бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебімен таныстырды, алынған нәтижелер негізінде 2023-2027 жылдарға арналған даму бағдарламасын құруға кірісуді педагогикалық кеңестің шешіміне шығаруды ұсынды. Даму бағдарламасын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтың құрамы бекітілсін. 2023-2024 оку жылының №1 педагогикалық кеңесіне бағдарлама жобасы бекіту үшін ұсынылсын.

### **Қатысуышылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.**

**Бесінші мәселе бойынша** мейірбике М.Алтынбекова қатысуышыларды жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды.

Жазда балаларды сауықтыру үшін күнделікті өмірде ая, күн, су арқылы шынықтыру сияқты сауықтыру факторларын дұрыс қолданудың маңызы зор. Мұғалімдер жазғы кезеңде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауга және нығайтуға, өсіп келе жаткан ағзаның демалу, шығармашылық белсенділік пен қозғалыс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етуі керек.

Менгеруші **Г.Ақылбекова** жазғы кезеңде балалармен жұмыста келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге ықпал етуді педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуі ұсынды:

**Мақсаты:** Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

### **Міндеттер:**

- Балалардың өмірін қоргауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табигатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дагдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.
- «Бибіш ана» б\б ересек топка қысқа мерзімді курстарын іске асыру барысында оқуға дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасау.

**Алтыншы мәселе бойынша менгеруші Г.Ақылбекова** 2022 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлінуі, жазғы кезеңге арналған күн тәртібімен таныстырды. Қатысуышылар жоспарды мақұлдады, жазғы кезеңде

ұйымдастырылған іс-әрекетті келесі бөлімдер мен білім беру салалары бойынша өткізу туралы шешім қабылданды:

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:

  1. Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.
  2. Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге.

**Менгеруші 3.Амирсеитова педагогикалық кенес шешімінің жобасын жариялады.**  
**Оны талқыланап, толықтырганинан кейін шешім қабылданды:**

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімін бақылауда қалдыру.  
( \_\_\_\_\_ мерзіміне дейін, жаупты/ әдіскер А.Алиханова)

2. Жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттердің мазмұнын қайта карау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамығушылық ортасын толықтыру.

( \_\_\_\_\_ мерзіміне дейін, жауптылар/ Бибіш ана бөбекжай балабақшасының педагогтері)

3. Өзін-өзі багалау бойынша педагогикалық ұжымның 2022-2023 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2022-2023 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

( \_\_\_\_\_ мерзіміне дейін, жауптылар/Оразова Н.)

4. Алынған нәтижелер негізінде 2023-2027 жылдарға арналған даму бағдарламасын құруға кірісу. Даму бағдарламасын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтың құрамы бекітілсін. 2023-2024 оқу жылының №1 педагогикалық кенесінде бекіту үшін бағдарлама жобасын ұсыну.

( \_\_\_\_\_ мерзіміне дейін, жаупты/ әдіскер А.Алиханова)

6. Жазғы кезеңде балалармен жұмыс келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталсын:

**Мақсаты:** Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдайлар жасау.

**Міндеттер:**

- Балалардың өмірін қоргауды және деңсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жаракаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табигатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

7. 2022 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін;
- Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.
- Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге.

